


# ТІІМДІ ЖӘНЕ БОЛЖАМДЫ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ҚАЖЕТ

Таяуда Сенат депутаттары, Ұлттық экономика және қаржы министрліктері, сондай-ақ «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басшылары қатысқан «Салық саясатының өзекті мәселелері» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел болды өтті.



Парламент Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің кіріспе сөзінде мемлекеттің салық саясаты: «Еліміздің экономикалық даму стратегиясының басты құралдарының бірі болып табылады», – деп атап өтті.

Төраға Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиялық даму жоспарында салық саясатын жетілдірудің басты бағыттарын айқындап бергенін айтты. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында салық режимдері мен рәсімдерін оңтайландыру, кірістер мен шығыстарды жаппай салықтық декларациялау, тәуекелдерді басқару жүйелерін енгізу, кеден және салық жүйелерін интеграциялау секілді шаралар көзделген.

Қ.Тоқаевтың пікірінше, мемлекеттің салық жүйесі ұлттық экономиканың талаптарына және қазіргі заманғы жаһандық

сын-қатерлерге төтеп беруі тиіс, олардың қатарында еліміздің кірісін төмендетіп отырған мұнай бағасының арзандауы, экономикалық өсімнің баяулауы, ұлттық валюта бағамының төмендеуі, Ресейге қарсы енгізілген санкциялардың ықпалы да бар.

Сенат Төрағасы салық жүйесі бюджетті теңгерімдеумен қатар, экономиканың құрылымдық өзгерістері мен инновациялық дамуын қамтамасыз етуге, жоғары технологиялық өндірісті құруға және шикізаттық емес экспорт пен өңделген өнімнің өсімін ынталандыруға бағытталуы тиіс деп санайды.

«Біздің басты мақсатымыз – мемлекеттің және салық төлеушілердің мүдделерін үйлестіре отырып, тиімді және болжамды салық жүйесін құру», – деді жоғарғы Палатаның басшысы.

Шараға қатысушылардың сөйлеген сөздерінде Қазақстанның салық жүйесін жаңғыртудың түрлі жолдары туралы сөз болды.

Атап айтқанда, ұлттық экономика министрі Ерболат Досаев Мемлекет басшысының бес институттық реформасын іске асыру аясында салық салу жүйесін жетілдіруге бағытталған заң жобаларының мазмұнына тоқталды. Ұсынылған шаралар көлеңкелі экономиканы қысқартуға және салық әкімшілендірулерді жақсартуға бағытталған.

Мемлекеттік бюджеттің атқарылу жағдайы және салық пен кедендік әкімшілендіру жүйесін реформалау шаралары туралы қаржы министрі Бақыт Сұлтанов хабардар етті. Қазіргі кезде Парламентте қаралып жатқан өзгерістерде қосымша құн салығын төлеушілер аясын кеңейтуге, электронды құжаттарды қолдану, рәсімдерді оңайлату, бақылау түрлерін жетілдіру де бар.

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төрағасы Абылай Мырзахметов Қазақстандағы бизнестің инвестициялық тартымдылығын арттыруға мүмкіндік беретін, қабылданған ережелерді жан-жақты және егжей-тегжейлі талдау қажеттігіне назар аударды.

Сенат депутаттары баяндамашыларға акциздік постарды жаңғыртуға, қосымша құн салығына және пайдалы қазбаларды өндіруге салық есептеу тәртібін өзгертуге, ЕАЭО туралы шарттың күшіне енуі аясында бизнесті жүргізу келешегі, заң шығару үдерістеріне салық төлеушілердің пікірін ескеруге қатысты сауалдар қойды.

Дөңгелек үстел отырысын қорытындылаған Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Рашит Ахметов «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыруға қатысты талқыланған маңызды тақырыптарға тоқталды және бизнесті жүргізуге қолайлы жағдай жасау мақсатында салық әкімшіліктендіруді жетілдіру және алдын ала бақылау шараларын оңтайландыру мәселелерін атап өтті.

## Бизнестің екі мәселесі



Елімізде кәсіпкерлердің қолын байлайтын екі үлкен проблема бар. Біріншіден, мемлекет тарапынан берілетін қаржылай көмекке кез келгеннің қолы жете бермейді. Сондай-ақ, дайын өнімді сату мен сыртқы нарыққа шығаруда қиындық көп.

Бұл туралы Астанада өткен іскер әйелдер кеңесінде айтылды. Қазақстанның әр қиырынан келген нәзік жанды кәсіпкерлер саладағы түйткілдерді талқылады. Бүгінде отандық экономикада әйелдер қауымының үлесі күн санап өсіп келеді. Статистикаға сүйенсек, еліміздегі шағын және орта бизнестің 40%-ы қыз-келіншектерге тиесілі екен. Әсіресе Астана мен Алматы қалаларында іскер әйелдер ерекше белсенді. Мәселен елордада бизнестің 55%-ын нәзік жандылар басқарып отыр. Сондықтан кәсіпкер ханшайымдарды қолдау керек, – дейді мамандар. Осы ретте іскер әйелдер кеңесі мен Астана қалалық әкімдігі өзара әріптестік жөніндегі меморандумға қол қойды. Енді тараптар осы келісім аясында салада кездесетін кедергілерді бірлесіп шешетін болады. «Атамекен» ҰКП жанындағы іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Ләззат Рамазанова:

– 90-жылдардың соңына қарай Қазақстандағы жұмыссыз кісілердің саны 1 млн-ға жақындады. Дәл сол кезде қыз-келіншектердің үлесі аз. Себебі сол кезде өз дипломдарын шетке қойып, қолайлы іспен айналысып, іскерлікке батылырақ кіріскен сол қыз-келіншектер болды. Мен ойлаймын, бүгінгі дағдарыста біздің аяулы азаматшаларымыз өзінің үлесін де, білімін де қосады.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Оптимизге толы баяндама

Жалақыдан ай сайын жырылатын мемлекеттік қордағы миллиардтар орнында ма? Бүгін еліміздегі жалғыз бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есеп беріп, жетістіктерімен мақтанды.

Баяндамасы оптимизге толы мемлекеттік зейнетақы қоры табыстарының бірден 9 пайызға өскенін айтып отыр. Яғни, кіріс тек 9 айдың өзінде 435 миллиард теңгені құраған. Ал ашылған есепшот 10 миллионнан асып, жинақтың жалпы сомасы 5 триллионға жеткен. Қордағы теңгенің өсіміне дағдарыс та, инфляция да кедергі келтірмейті. Ал зейнетақы қорында қанша ақша жатқанын енді жұрт интернет арқылы да білсе болады. Ол үшін арнайы бағдарламаны ұялы телефонға жүктеп, азаматтар маңдай термен тапқан жинағына қатысты ақпаратқа қол жеткізе алады. Осы арқылы мемлекеттік зейнетақы қоры жұртқа ашықтығын дәлелдемек.



## Өз елінде бөтеннің күйін кешетін кәсіпкерлер

«Алматы» телеарнасы «Іскерлер уақыты» бағдарламасында «Қуат» ЛТД компаниясының директоры мемлекетте шетелдік инвесторларға жағдай жасалып, отандық кәсіпкерлерге жеңілдік жасамағанын ашына айтты.



«Шетелден келген кәсіпкерлер 10 жылға дейін барлық салықтан босатылады. Мысалы, шетелдік азаматтардың қасында біз бөтен секілдіміз. Бізге ешқандай жеңілдік жоқ. Біз сонда не табамыз. Шетелден инвесторлар 10 жылға дейін ештеңе бермесе, бұл жерде

тараздың екі жағы тенесіп тұрған жоқ», – деді Қахарман Күдер. Кәсіпкер бағдарлама соңында Ауыл шаруашылығы министрі мен Инвестициялар және даму министрі екі жаққа бөлісіп-тартыспай бірігіп, жұмыс істеуге шақырды. Түйіні тарқамай

жатқан мәселенің барлығын ақылдасып, ақылмен шешсе, тарқамайтын түйін, шешілмейтін мәселе жоқтығында баса айтты.

Қахарман Күдердің айтуынша, Қазақстанда жеңіл өнеркәсіпке арналып шығарылған бағдарламалар тек «шоу» жасаумен шектеледі. Онда еш нәтиже жоқ.

– Біз жеңіл өнеркәсіпке арнап шығарған бағдарламаны көрдік. Оның ішінде ештеңе жоқ. Бұл бағдарламаны дайындағандардан да сұрадық, ішінде іліп алар ештеңе жоқ. Олар «бұл бағдарламаны асығыс жасадық, сіз қонырау шалып айтсаңыз қоса береміз» дейді. Осы сәтте біз бен мемлекет арасындағы алшақтық көргендей болдық. Бағдарламаға төменнен жоғары қарай бәрін жұмылдыру керек. Сонда бағдарлама жақсы шығады. Ал, жоғарыдан төмен қарай жоспарланған дүние мардымсыз болады. Бұндай бағдарламалар тек «шоу» жасаумен шектеледі, нәтиже жоқ, – деді кәсіпкер.

# ОҚЫТУ ДАМУЫТУ ЕМЕС

Таяуда Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобасы талқыланды. Келісімге сәйкес, халықаралық қаржы институты Қазақстанға шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілеттігін арттыру бағдарламасын жүзеге асыруға 40 млн АҚШ доллары сомасында қарыз береді. Отырыс барысында депутаттар Үкіметті сынға алып, шетелден оңды-солды берешек алуды тоқтатуды талап етті.



Бүгінде мемлекет шағын және орта бизнеске қолайлы жағдай жасады. Ұлттық палата құрылды, әкімшілік кедергілер жойылды, кәсіпкерлік кодексі қабылданды, заңнамалық тұрғыдан барлық жағдай жасалынуда. Біз енді тағы да 40 млн доллар алып отырмыз. Шағын және орта бизнесті дамытатын адамдарды оқытамыз дейді, оқыту деген сөз кәсіпкерлікті дамыту деген сөз емес. Кәсіпкерлікті дамыту үшін бірінші, 4-5 пайызбен кредит беруді қамтамасыз ету керек. Екіншіден, инфрақұрылымды жасап беру қажет. Осыдан кейін салық мәселесін шешу керек. Ал қазір біз облыстағы, аудандағы палатаға 40 млн долларды береміз, ал олар болса, 15 адамды оқыттық деп, сертификат жазып береді. Ол ертең жұмыс істей ме, жоқ па – ешкім де мұны тексермейді.

«Соңғы кездері Үкімет халықаралық қаржы ұйымдарынан қарыз алуды әдетке айналдырып бара жатыр. Болашақта бұл жақсылыққа апармайды. Өйткені қарызды ертең қайтару керек. Ал бұл қаражаттың игерілуін кім қамтамасыз етеді?», – деді депутат Нұртай Сабильянов.

«Біз де шағын және орта бизнеске қолайлы жағдай жасалды, ұлттық палата құрылды, әкімшілік кедергілер жойылды, кәсіпкерлік кодексі қабылданды, заңнамалық тұрғыдан барлық жағдай жасалды. Біз енді тағы да 40 млн доллар алып отырмыз. Шағын және орта бизнесті дамы-

татын адамдарды оқытамыз дейді, оқыту деген сөз кәсіпкерлікті дамыту деген сөз емес. Кәсіпкерлікті дамыту үшін бірінші, 4-5 пайызбен кредит беруді қамтамасыз ету керек. Екіншіден, инфрақұрылымды жасап беру қажет. Осыдан кейін салық мәселесін шешу керек. Ал қазір біз облыстағы, аудандағы палатаға 40 млн долларды береміз, ал олар болса, 15 адамды оқыттық деп, сертификат жазып береді. Ол ертең жұмыс істей ме, жоқ па – ешкім де мұны тексермейді», – деген күмәнін жеткізді депутат.

Оның пайымынша, алдағы уақытта министрліктер шетелдік қаржы институттарынан қарыз алғанды тоқтату керек. «Ертең қарыз елдің қаражатынан қайтарылады. Өзіміздегі бар қаражатты тиімді пайдалансақ, соның өзі жеткілікті. Бюджеттің қаражатын ұрламау керек, өз мүддесіне жұмсамау қажет, сонда бәрі бізде жетеді», – деп қадап айтты Н.Сабильянов.

Әріптесінің бұл пікірімен депутат Розақұл Халмұрадов толық келісті. Оның сөзінше, 40 млн АҚШ доллары – бұл мемлекеттік борыш, үкіметтік қарыз, ертең ол республикалық бюджеттен қайтарылады. «Заң жобасына қосып берген материал бойынша жобаның түпкілікті нәтижесі – 40 жаттықтырушы маман дайындау, 250 консультантты оқытудан өткізу, 125 мемлекеттік органдардың қызметшілерін тренингтер, семинарлар, таныстыру сапарларына жіберу және 100 шағын және орта кәсіпкер сертификат беру. Міне, 40 млн доллардың түпкі нәтижесі осы. Бүгінгі қиын жағдайда осыған баруға бола ма?! Мемлекеттік қарызды экономиканы дамыту үшін алса, бұған ешкім қарсы болмайды. Ал енді біреулерді оқытуға, дайындауға, үйретуге қарыз алу бүгінде қажет пе?! Үкімет осыны ойластыру керек. Келешекте осы мәселеге мән бергеніміз жөн», – деді өз кезегінде Р.Халмұрадов.

Айта кетейік, заң жобасын Ұлттық экономика министрлігі ұсынды. Келісімге сәйкес, қарызды өтеу мерзімі – 17 жыл, оның бес жылына жеңілдіктер қарастырылған. Талқылаудан кейін депутаттардың басым бөлігінің қолдауымен заң жобасы мақұлданып, Сенат қарауына жіберілді.

## Алаяқтық асқынып тұр

Қазақстанда жалған құжатпен несие рәсімдеу фактілері жиілеп кетті. Бірінші несиелік бюро өкілдері мәлімдеді. Күніне елімізде 7 мыңға жуық несие беріледі. Ал оның кем дегенде екеуі жалған құжатпен рәсімделіп отырған көрінеді. Ұйымның дерегінше, бүгінде алаяқтардың әрекетінен бес жүзге жуық азамат зардап шеккен. Ал жыл басынан бері тек 150-ге жуық қазақстандық бұл қарыздан сот арқылы құтылған.

«Бірінші несиелік бюро» Компаниясының бизнесті дамыту бойынша директоры Әсем Нұрғалиеваның айтуынша алаяқтар жалған құжат әзірлеп, не болмаса жоғалған құжатқа ірі несие алады. Ең қызығы банктердегі қарыз алушылардың базадағы фотоларында өзге адамдардың суреттері тіркелген. Жалпы осы жағдайға байланысты біз клиенттерге өз несиелік тарихтарын жарты жылда бір рет тексеріп тұруға кеңес береміз.

Мәселенің анық-қанығын білу үшін біз екінші деңгейлі банктерге хабарластық. Алайда қаржы мекемелерінің көбі жалған несиегерге қатысты комментарий беруден бас тартты. Сұрағымызға жауап берген «Қазкоммерцбанк» өкілдері ғана биыл мұндай фактілер тіркелмегенін айтты.



жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Дағдарыс 5 жылға созылады

Әлемдік дәрежеде мұнай бағасының түсіп кетуі дағдарыстың орын алуына себепші болуда. Бұл туралы «Алматы» телеарнасы «Іскерлер уақыты» бағдарламасында экономист Мақсат Халықов айтты.

«Қазір көптеген экономистер мұны жүйелі дағдарыс деп атап жатыр. Яғни, бұл нақты бір саладан шығып тұрған жоқ. Барлық сала-

да болып жатқан үдеріс. Сонымен қатар, сарапшылар арасында өткен дағдарыстармен салыстырғанда бұл дағдарыс күрделі болады деп

болжануда. Дағдарыстың орын алуы әр түрлі салдарға байланысты. Жалпы алатын болсақ, негізгі себеп әлемдік дәрежедегі тұрақсыздықтың орнауы, екіншіден - жаһан нарығында мұнай бағасының түсіп кетуі. 2017 жылы ЭКСПО-ны өткізіп алғаннан кейін өзіміз де, экономикамыз да да ары қарай ілгерілеу болады деп ойлаймын», – деді Мақсат Халықов.

Бағдарламаның екінші қонағы Алматы қалалық кәсіпкерлер палатасының экономикалық талдау бөлімі басшысы Нариман Әбілшайықовтың айтуынша, бұл дағдарыс 5 жылға созылады.

«Елбасымыз қазіргі таңда Үкімет алдында үлкен жоспар қойып отыр. Ол жоспардың басты мақсаты – дағдарыстан аман-есен шығу. 2007-2009

жылдардағы дағдарыс – ол локальды түрде болған дағдарыс. Қазір елімізде мұнай-газ және шикізат экспорты 40 пайызға қысқарған. Осыған байланысты қазір Қазақстан, Ресей және өзге де шикізат тасымалдайтын елдерге осы дағдарыс төніп отыр. Бұл дағдарыстан аман-есен шығу үшін Елбасымыз Үкіметке, Премьер-Министр Кәрім Мәсімовке тапсырма берді. 2007 жылғы дағдарыс кезінде қордан 10 млрд доллар ақша бөлінген. Қазіргі таңда осы дағдарыстан шығу үшін Ұлттық қордан ақша алу қажет пе немесе бұл қаражаттың көзін қай жақтан іздейміз деген сауалдарға көп көңіл бөлу керек деп санаймын. Жалпы Үкімет басшысы Кәрім Мәсімов осы жылдың ортасында дағдарыс әлі 5 жыл болады деп жоспар берген», – деді Әбілшайықов.

## Қытай шиналар қымбаттайды

Еуразиялық экономикалық одақтың шектеулері жүзеге асса елімізге Қытайдан әкелінетін жүк көліктерінің шиналары қымбаттауы мүмкін.

Ресей мен Белорусия кәсіпкерлері Еуразиялық экономикалық комиссияға одақ аумағына Қытайдан кіргізілетін жүк көліктерінің шиналарына кеден салығын арттыруды ұсынып отыр. Одақтық әріптестеріміз бұл ұсынысты өз өндірушілерін қолдау үшін жасауда. Егер ұсыныс жыл аяғына дейін комиссия тарапынан мақұлданса, Қытайдан келетін дөңгелектерге салынатын кедендік салық бес жыл мерзімге 44 пайызға өсуі мүмкін (қазіргі таңда оларға салынатын кедендік салық 10 пайызды құрайды).

Бұған дейін Ресей тарапының сұрауы бойынша қытайлық бульдозерлердің енуіне шектеу қойылған еді.



# Келімбетовтің орнына кім келеді?



Ол да біз сияқты адам баласы. Бақытты болашаққа сеніп жүрді. «Қазақстан Орта Азияның Сингапуры» деген де осы Қайрат болатын. Иә, дәл солай айтқан. «Орта Азияның Сингапуры атануға тырысып, тырмысып жүрміз» десе, басқаша естілер ме еді, түсінер ме едік, бәлкім.

Мәселе Сингапурда емес.

Теңгеден күн кеткелі экономиканың тілін түсінетіндер де, түсінбейтіндер де Келімбетовті сөгетінді шығарды. Келімбетовтің не үшін кетуі керектігін біліп айтқандар да, білмей айтқандар да бір жағдайда қателескен жоқ: ол жұрттың сенімінен шықты. Сөзімен, ісімен, әрекетімен, орынсыз күлкісімен, өтірік уәдесімен...

Өткен жолы үкіметбасы Мәсімовті қабылдаған Президент Назарбаев халіміздің өте нашар екенін айтқан. Мұндай жағдайда халықтың сенімінен шыққан жаман. Жоқ, бұл дәл теңеу емес, қауіпті деген дұрыс шығар. Және бұл жалғыз Келімбетовке ғана қатысты емес...

Сенімнен шығу. Бұл биліктегі адамның имиджіне үлкен нұқсан. Жыл аяғына жақын үлкен өзгерістер болады деген сыбыс

бар. Ауыс-түйістер...Сол ауыс-түйістің арасында Келімбетовтің атын айтып жүр сарапшылар.

Бірақ, Келімбетов кеткеннен не өзгереді? Тіпті кеткеннің өзінде оның орнына лайықты адам бар ма Қазақстанда?

«Бар» дейді сарапшылардың бір тобы. Ендеше олар кім?

## Жәмішев, Жандосов және... Құдайбергенов. Қайсысы лайықты?

Оның орнына лайықтылардың бейресми тізімі де жасақталып қойған. Жәмішев, Жандосов және... Құдайбергенов.

Ұлттық банктің қателіктерін жіліктеп көрсетіп, әлеуметтік желіде әрдайым бөлісіп отыратын бір адам болса, ол осы тізімнің соңында тұрған экономист – Олжас Құдайбергенов екен.

Сол Құдайбергенов өзінің «фейсбуктегі» парақшасында «Келімбетов отставкаға кетсе, экономикалық қателіктері үшін ғана кетпейді, мұның саяси себептері де бар» деген болатын.

Сонымен... «Келімбетов кыркүйекте кетеді» деген сыбыс бар-тын.

Шыны керек, болашақты болжайтын, бақытты болашаққа сенетін мемлекеттің бірі мына біз едік. Бұл да жөн шығар бір жағынан. Бірақ, бүгінгі күнмен де өмір сүру керектігін ұмытып кетіппіз. Бүгінгіміз емес, болашағымыз маңызды болғандықтан бүгін-ертең алдымыздан кесе-көлденең кездесуі мүмкін мәселелерді көрмеген екенбіз. Әйтпесе, Келімбетовте не кінә бар?

Қыркүйек өтіп кетті. Келімбетов әлі отыр. Қазан аяқталып қалды. Халыққа оның отставкаға кеткені өз алдына, орнына кім келері қызықты. Жаңа төраға Ұлттық банктің өңін қаншалықты өзгертеді, ақша-несиелік саясат жүргізуде қаншалықты тәуелсіз болады? Және ең басты сауал – банкке деген халықтың сенімін қалай және қайтіп қайтарады?

Тағы да сол Құдайбергеновтың айтуынша, кетсе жалғыз Келімбетов емес, мұның бәріне тікелей және жанама қатысы бар басқалары да орнын босатқаны жөн. Ең алдымен өздері үшін, өздерінің имидждері үшін...

Сонымен Келімбетовтің орнына кім лайық? Бұған біз емес, біз сөзге тартқан сарапшылар жауап берсін.

ген сөз ақымақшылық. Былайша айтқанда, бір Келімбетов кетсе, оның орнына дәл сол сияқты екіншісі келеді. Сіз бұдан «жағдай түзеледі, өмір жақсарды» деп ойлайсыз ба? Жоқ.

Иә, Ұлттық банктің төрағасы орнын босатып жатса, ол заңды болар еді. Себебі, Келімбетов ең алдымен азамат ретінде күресе алмады. Ұстанымы, пікірі тұрақсыз болды... Ендігі жерде бұл да маңызды емес, бірақ. Өтті, кетті. Айтылды, жазылды.

Келімбетовтің орнына кім лайық? Әншейін босаған орынға қонжия салмайтын, білегін түре сала іске кірісетін азамат керек. Бұл да айтылып жүрген ой.

Бірақ ол кім болады? Кейбір сарапшылар Олжас Құдайбергеновті назарға алып

қарсы шығатын (әрине, дәйекті және орынды түрде), мінезді, тәжірибесі бар, орысша айтқанда «мощная политическая фигура – тяжеловес» қажет.

Жоқ, үміттенбеңіз. Қазіргі биліктің арасында мұндай адам жоқ, бар болса да кәсібі келмейді. Сырттан іздеу керек. Ол кім? Ол – Ораз Жандосов. Жақын араласқанбыз, табанының бүрі бар. Меніңше Ораз Олжас сияқты жас та болса талапты мамандарды жанына топтастырар еді.

## Жарас Ахметов, экономист: Жоқ, Құдайбергенов лайықты

– Ұлттық банк төрағасы Қайрат Келімбетовтің шешім қабылдауға келгендегі құзыры белгілі бір дәрежеде шектеулі



## Оразалы Сәбденов, академик, экономист: Жандосов лайықты

– Біздің билікте Келімбетов сияқтылар өте көп. Сондықтан ертең Келімбетов кетсе, «Ұлттық банктің ұяты оянып, халықтың жағдайын ойлауға көшеді» де-



ты. Шыны керек, білікті маман болғанымен мұндай қызмет үшін тәжірибесі әлі де аз деп ойлаймын. Жастау... Сосын мұндай қызметке отыру үшін әншейін білікті экономист болу аздық етеді. Ұлттық банктің орынтағына Үкіметтің өзіне, депутаттардың сөзіне



екенін түсіну керек. Яғни, барлығын Келімбетовтің қолы немесе Келімбетовтің сөзі шешпейді. Соған қарамай, біз оны жиі сынға аламыз.

Бірінші кезекте ол жүргізіп отырған несиелік-қаржылық саясатқа көңіліміз толмайды.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Қазақстанда бөлшек сауда салығы енгізілмек

Қосымша күн және ұжымдық табыс салығының орнына бөлшек сауда салығы енгізілмек. Нақтырақ айтсақ, бұл жоспар 2017 жылы іске асуы мүмкін. Келесі айдан бастап арнайы жұмыс тобы құрылады.

Ал заң жобасы Мәжіліс қарауына 2016 жылдың күзінде түседі деп күтілуде. Бұл салықтық тәртіп – жеке тұлғаларға, бөлшек саудамен айналысатын кәсіпорындарға, қоғамдық тамақтану мен қызмет көрсету саласына тікелей қатысты болмақ. Мамандар бөлшек салығын енгізу елдегі қолма-қол ақша көлемінің ауқымын азайтуға мүмкіндік береді дейді. Сондай-ақ көлеңкелі бизнеске айтарлықтай тосқауыл қояды. Бастысы – бұл бастама бюджеттегі салықтық түсімге оң әсерін тигізбек.



## Ақ орыс пен сары орыс қазақты қалай алдап жүр

Көршілеріміз қалай алдап жүр? Одақтас елдер Қазақстанда өз өнімдерін өткізу үшін, қулыққа көше бастаған. Дүкен сөрелеріндегі ою-өрнек пен киіз үй суреттері жапсырылған сүт өнімдер Беларусьтікі болып шықты.



Сол жағында белоруссиялық өнім, оң жағында қазақстандық. Скриншот: Астана арнасы Мұны Еуразиялық экономикалық комиссиядағылар анықтап отыр. Тиісті суреттерді де таратты деп хабарлайды Астана арнасы. «Атамекен» және «Қазақстан» деп ат қойып, айдар

тағылған қалбырдағы қою сүт өнімдері Беларусьте шығарылады. Көпшілік мұны отандық өніммен шатыстырады. Әрі өз елімізде әзірленген экологиялық таза өнім деген түсінікпен сатып алатындар да көп. Бұдан былай жоғары комиссия мұндай көзбояушылыққа қарсы шара қолданбақшы. Алдымен тұтынышар арасында әлеуметтік сауалнама жүргізіледі. Көршілердің тауарын отандық өнімге балап сатып алатындар басым шықса, маркетингтік қулыққа көшкен кәсіпорындар әжептәуір айыппұл арқалайды. Тіпті жылдық табысының 3 пайызынан қағылуы мүмкін. Және ребрендинг жасайды. Бүгінге дейін беларусьтер қаймақ, сүт және қант өнімдерін қазақы бейнеде саудалап келсе, Ресей қазақша атаумен «Кеспе» кесіп жатқан көрінеді. Сыртынан қарағанда Қазақстан деп жазылып тұр. Суреттеріне қарасаң өзіміздің киіз үйлеріміз, тауларымыз. Бәрін қазақшалап жазып тұр. Халық өзіміздің кәсіпкерлер шығарып отыр дейді ғой. Бірақ ақша басқа мемлекетке кетеді, дейді ЕЭК Бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу бойынша алқа мүшесі және министрі Нұрлан Алдабергенов.



# ҚАЗАҚСТАН ЕСКІ КӨЛІКТЕР «ҚОЙМАСЫНА» АЙНАЛМАУЫ КЕРЕК

Айта кетерлігі, ресми билік ДСҰ әңгімесі түгесілер тұста да, ЕАЭО-ға Қырғызстанның қосылуы барысында да отандық автоөндірісті, ел нарығын қорғаудың жан-жақты әдіс-тәсілін қарастырып жатқанын айтып, оны нақты дәлелдеген. Қырғызстанға шекара ашылғалы автонарықта жағдай қалыпты. Қазір де автоөндірісте жеңілдетілген салық төлеуге жағдай жасау, шетелдерден ескі көліктер тасымалдауға тыйым салу сынды шаралар қолдану қаралмақ. Мұның бәрі түптеп келгенде қазақстандық көлік құрастыратын кәсіпорындардың әрі қарай дамуына көмек болады.

Айта кетерлігі, Қырғызстанмен арада шекара ашылғанда жұртшылық арзан көліктің қаптайтынын күткен болатын. Бірақ нарық бәрін өзі реттеді. Енді сарапшылар «Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына кірген соң сырттан келген көліктердің құны кем дегенде 15-30 пайызға түседі» деген болжам айтып жүр. Сонымен қатар, Қазақстанға Еуропадан, негізінен Германиядан ескі көліктер жеткізілетінін де болжағандар баршылық еді. Осыған орай, Үкімет ескі көліктердің ағынын бақылауға алуды ойластырып, арнайы заң жобасын әзірлеген болатын.

Ал автоөнеркәсіп нарығына келсек, бұнда негізінен Қазақстанның ДСҰ-ға енуіне байланысты туындайтын жағымсыз үдерістің алдын алу тетіктері қамданылған. «Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылғандықтан бірқатар заңдарымызды жетілдіріп, қажет жеріне түзетулер енгізу керек болып жатыр. Соның бірі – ескі көліктерді елімізге қаптатау. Пайдаланылған автокөліктерді жылына қарай тіркеу шарасы да осы себептерге және еліміздің экологиялық тазалықтарына, сондай-ақ, жол қауіпсіздігіне орай жасалып жатыр. Мұндай тәжірибе әлемнің бірқатар дамыған елдерінде бар», – дейді Инвестициялар және даму вице-министрі Альберт Рау. Оның айтуынша, заң жобасындағы басты жаңалық – Қазақстанда 3 жылдан астам уақыт жүрілген көліктерді тіркеу алымы 500 айлық есептік көрсеткішті құрайтын болады. Бұл бір жағынан елімізді ескі көліктер «қоқысынан» таза ұстауға септігін тигізсе, екінші жағынан қоршаған ортаны қорғаудың да тиімді тетігі саналмақ.

Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру туралы хаттаманы рәсімдеудің ресми шараларын толық аяқтады: құжатты ел Парламенті қабылдап, Мемлекет басшысы қол қойды. Ендігі мәселе, әлемнің алпауыт сауда ұйымына қосылуға қатысты ішкі нарықты реттеу. Бұнда ең алдымен мемлекет мүддесіне жауап беретін қорғау шараларын күшейту қажет. Осыған орай, атқарушы билік соңғы уақытта отандық өндірісті Дүниежүзілік сауда ұйымы аясындағы бәсекелестер жұтып жібермес үшін алдын-ала қамдану шараларына көшіріп жатыр деуге келеді. Соның ішінде Үкімет көлік құрастыратын кәсіпорындарды да назардан тыс қалдырған емес.



«Заң қабылданған жағдайда автокөліктерді бастапқы тіркеу үшін алымға өзгерістер енгізу және автокөліктерге экологиялық талаптарды бекіту жоспарланып отыр. Бүгінгі күнде елімізде автокөліктерді бастапқы тіркеу үшін алым 0,25 есептік көрсеткішті құрайтыны белгілі. Бұл шамамен 500 теңгедей болады. Жаңа заң қабылданған соң жаңа автокөліктерді тіркеу үшін алынатын алым бұрынғы баға, яғни 0,25 есептік көрсеткіш мөлшерінде қала береді. Ал 1-3 жыл аралығында пайдаланылған көліктерге қойылатын бір реттік алым 50 есептік көрсеткіш болса, 3 жылдан астам көліктерге алым 500 есептік көрсеткішке жетеді. Ал автобустар мен жүк көліктеріне алым одан да қымбат болады. Бұл шара ДСҰ тарапынан рұқсат етілген балама ретінде енгізілмек», – деп түсіндіреді Альберт Рау.

Айта кетерлігі, Қазақстанда қазірдің өзінде жыл санап шетелден келетін

пайдаланылған, мінілген көліктердің саны артып келе жатыр екен. Мәселен, бұндай үдеріс сақталған жағдайда енді бір 5 жылдан кейін 20 жылдан астам уақыт ұсталған көліктер үлесі Қазақстанда 70 пайызды құрайтын болады. «Бүгінгі күні Қазақстанда 4 млн. жеңіл көлік болса, олардың тең жартысының орташа пайдаланылған мерзімі 19 жылдан асады. Тағы 5 жылдан кейін 20 жылдан астам уақыт пайдаланылған көліктер үлесі 70 пайызға жетеді. Бұл көрсеткіш Германияда шамамен 8 жылды құрайды. Жалпы, ескі көліктердің жолдағы қауіпсіздігінен бөлек, қоршаған ортаға тигізетін зияны да көп. Сондықтан, Қырғызстан Кеден одағына кірер кезде біз көрші елден ескі көліктердің ағылуына жол бермейтінімізді ашық айттық. Қазіргі уақытта біз нақты шаралар енгіздік. Елге кіргізілетін көліктер ағымдағы жылы іске қосылған Кеден одағының техникалық регламенттеріне сай болуы тиіс. Ендігі күні

ДСҰ аясында да ескі көліктердің Қазақстанға ағылуына тосқауыл болатын екінші шара – тіркеу алымының қымбаттауы болады», – деп түйіндейді министр орынбасары.

Төк етері, енді Сенат заң жобасын қандай да бір өзгертулерсіз қабылдаса онла алдағы уақытта 1 жылдан 3 жылға дейінгі уақыт жүрілген көліктерді тіркеу үшін алымы 50 есептік көрсеткішті, ал жүрілген мерзімі 3 жылдан астам автокөліктердің алымы 500 айлық есептік көрсеткішті құрайтын болады. Құжатты әзірлеген министрлік өкілдерінің айтуынша, аталған норма енгізілсе, автокөліктер иелері үшін жалпы шығыстар сомасы артып кетпейді, есесіне мемлекеттік бюджетке түсім жылына 8 миллиард теңгеге дейін артуы ықтимал. Оның үстіне бұндай мемлекеттік алымнан түсетін кіріс ЕАЭО елдеріне бөлінбей, тікелей ел бюджетіне құйылады.

Ресми мәліметтерді алға тартсақ, Қазақстанда машина құрастыру ісімен айналысатын «Азия авто», «Сарыарқа автопром», «Агромашхолдинг», «Хюндай», «СемАЗ», «КамАЗ инжиниринг» сынды 4 кәсіпорын қазір жұмыс жасап тұр. Бұл зауыттар 2014 жылы 40 мыңнан астам автокөлік шығарыпты. Яғни, Қазақстанда 2014 жылы барлығы 40 мыңнан астам автомобиль құрастырылған екен. Көліктердің маркалары да әртүрлі. Мәселен, жеңіл автомобильдердің – 42, жүк тиетін автомобильдердің – 21, арнайы автомобильдердің – 18, тартқыштардың 3 және автобустардың 3 моделі шығарылған. Бұл зауыттар биыл да осы қарқынмен жоғалтпақ емес. Бұнымен қоса Үкімет қолдауы арқасында қазақстандық машина құрастыру саласында алдағы уақытта қосымша тағы екі ауқымды жоба көзделеді. «Осы екі жоба жүзеге асырылған жағдайда елімізде жылына 200 мың автомобиль шығарылатын болады. Сонымен қатар, дағдарыстың салдарынан осы кезге дейін өнім көлемі 50 пайызға дейін кеміген зауыттарда қайта өрлеу бар. Ақпаратқа қарағанда, тамыз-қыркүйек айларындағы көрсеткіштер бойынша машина жасау тағы 1,5 есеге артқан», – дейді вице-министр Альберт Рау. Әлбетте, ДСҰ аясында бұндай қадамдардың маңызы зор болмақ. Десе де, бәрін уақыт көрсетеді.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Жұрт банкті жекешелендіруден қауіптенеді

Жуырда үкімет басшысының бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев жекешелендіру науқанының екінші кезеңін бастағанын мәлімдеді. Министрлер кабинетінің мұндай шешім қабылдауына қаржылық қиыншылықтар себеп болған көрінеді. Өйткені, үкімет жекешелендіруге бекітілген нысандарға қосымша тағы да 60 кәсіпорынды қосып отыр.

Өкінішке қарай, жекеменшік сатылымға Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы да шығарылып отыр екен. Әйтсе де, аталған киностудияны сатып алуға әзірге ешбір кәсіпкер ниет танытып жатқан жоқ. Себебі, үкіметке керек болмаған «Қазақфильм» киностудиясының жеке кәсіпкерлерге де қажеті жоқ.

Күйеуім екеуіміз 3 жылдан бері ішпей-жемей «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне» сенім артып ақша жинап жатырмыз. Алайда аталған банкте жинаған ақшамыз үкіметтің бақылауынан жекеменшікке өтсе, ертең күні ақшамызды кімнен сұраймыз?

Шыны керек былайғы жұртты киностудияның тағдырынан гөрі «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» жекеменшікке берілетіні

Елімізде үй алғысы келген азаматтар қолындағы бар ақшасын «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне» жинап жатыр. Алайда, салымшылар жиналған ақшасына алаңдаулы. Себебі, үкіметтің қарауындағы аталған банк жекеменшікке сатылуы мүмкін.



алаңдатып отыр. Өйткені, Ұлттық экономика министрі Ерболат Досаев аталған банктің сатылымға шығатынын мәлімдеді. Оның айтуынша банк сатылғаннан кейін

оның бастапқы жарнасының пайызы төмендеуі мүмкін.

Алайда бұған былайғы жұрт «бәрекедді» деп қуанып отырған жоқ.

Себебі, қарапайым халық тапқан-таянған ақшасын аталған банкке салып, «пәтер аламын» деп сенім артып отыр. Ал «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» үкіметтің құзырынан жекеменшікке сатылса, онда салымшылардың қаржысына кім бақылау жасайды? Дәл осы мәселеге астаналық Эльмира Рахымжанова сынды мыңдаған салымшы алаңдап отыр.

«Күйеуім екеуіміз 3 жылдан бері ішпей-жемей «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне» сенім артып ақша жинап жатырмыз. Алайда аталған банкте жинаған ақшамыз үкіметтің бақылауынан жекеменшікке өтсе, ертең күні ақшамызды кімнен сұраймыз? Өйткені, жекеменшікке өткеннен кейін банк өзін білемдікке салып, ақшамызды талан-таражға салуы әбден мүмкін. Мәселен, қазір зейнетақы қорындағы ақшамыздың қайда қалғанын білмей де қалдық қой. Сол сияқты «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне» ақшамызды құрдымға кетіреді. Сондықтан да аталған банктің жекеменшікке сатылуына қарсымын. Егер де жекеменшікке сатылатын болса, ақшамызды банктен қайтарып алып басқа амал жасаймыз. Жалғыз мен ғана емес, көптеген салымшылар банктен ақшасын

# ЖҮК ТАСЫМАЛЫ ЖАҒДАҒЫМЫЗДЫ ЖАҢСАРТА МА?

Дәліздің құрылысы келер жылдың басында салынып бітеді деп жоспарланған. Егер сарапшылардың Қытай мен Еуропалық Одақ арасындағы сауда айналымы триллион долларға жетеді деген болжамы расталар болса, алпауыттардың арасындағы жүк тасымалын өз жеріміз арқылы өткізіп, кірісті еселеуге мүмкіндік алар едік. Үш басты бағыт: Қытай – Қазақстан, Қытай – Орталық Азия, Қытай – Ресей – Батыс Еуропа бойынша алыс-берісті жүзеге асыратын жоба арқылы 2020 жылы жүк тасымалдарының көлемі 33 млн. тоннаға жетеді деп болжануда.

Еліміздегі бес ірі аймақ – Ақтөбе, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарының экономикасында серпіліс болатыны айтпаса да түсінікті. Жоғары деңгейде жүк өткізуге қабілетті автокөлік жолдары, жүк пойыздары кесіп өтетін шойын жол желілері, жанар-жағармай құю бекеттері, заманауи құралдармен жабдықталған кеден бекеттері, тағы басқа да инфрақұрылымдар қытай тауарларын Еуропа елдеріне кідіріссіз жеткізуді қамтамасыз ететін болады. Ал Еуропа жақтан Қытайға жаңа технологиялар мен машина құрал-жабдықтары, сондай-ақ шикізат жеткізіледі. Батыс Қытайдан шығатын тауарды аз қаржы жұмсап, тез жеткізу үшін Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстары арқылы өтетін төте жол таңдалатыны күмәнсіз. Жол құрылысын жүргізіп жатқан мамандардың сөзіне қарағанда, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізі екі ортаны үш жарым есеге қысқартады екен.

Көлік дәлізі бірінші бағыт бойынша Қазақстан аумағы арқылы Ресей Федерациясына және одан әрі Еуропаға өтеді. Екінші бағыты – Қазақстан аумағы арқылы Қорғастан Ақтау портына дейін, одан әрі Каспий теңізі мен Әзірбайжанға жетіп, әрі қарай Грузия асады. Жобаға былтыр ғана құрылған «Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі» тарту көзделуде.

Сонымен қатар, «Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту» кластерін құру жоспарланып отыр. Қазіргі кезде Қытайдан, не Еуропадан тауарларды тек компаниялар ғана емес, жекелеген адамдар да тапсырыспен

Мұнай бағасының құлдырауы ризық-несібесін қара алтыннан тауып отырған мемлекеттердің уайымын үдете түсті. Иранның мұнай өндірісіне белсенді кірісуі, онсыз да шикізатқа лық толы нарықты берекеден айыра бастады. Экономикасы негізінен мұнай мен газға сүйенген біздің еліміз үшін бұл жақсы жаңалық емес. Әйтсе де, мамандар қара алтыннан түсетін табыстың орнын жаңа автобандардан түсетін қаржы толтырады деп сендіруде. Барлығы жоспарлағандай болса, жақын арада пайдалануға берілетін көлік жолдары қазынаға миллиардтаған доллар пайда әкелуі тиіс.



алдыртады. Алыс-беріс ғаламтор арқылы жүзеге асады. Қытайлық не еуропалық интернет-дүкеннен шыққан тауардың қай бағыт бойынша жеткізілетінін, дәл қазір жолдың қай бөлігінде келе жатқанын тұтынушы интернет арқылы бақылап отыру мүмкіндігіне ие. Осы байланыстар кезінде транзиттік мемлекет ретінде Қазақстанның аты ауызға жиі алынатын болса, бұл еліміздің әлемнің түкпір-түкпіріне танылуына жол ашпақ. «Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту» кластерінің инвестициялық һәм индустриялық әлеуеті тіпті мол. Жоба Қазақстанның халықаралық нарықтағы белсенділігін арт-

тырады. Сондай-ақ, тек өз еліміз емес, Орта Азиядағы өзге мемлекеттердің де экономикасына оң ықпал ете аламыз. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институтының директоры Сұлтан Әкімбековтің айтуынша, жаңа Жібек жолы көлік дәлізін салу туралы стратегиялық бастама қазақстандық тауарлардың жаһандық нарыққа шығуына септеседі, әрі экономикалық мол пайда әкеледі.

– Біз инфрақұрылымдық жобаларға өте көп қаржы салудамыз. Демек, ҚХР төрағасының «Жібек жолы экономикалық белдеуін» құру туралы идеясын өз

орайына пайдаланып қалуымыз керек. Осы аймақта көліктік хаба айналу – біздің стратегиялық мақсатымыз. Орталық Азия арқылы өтетін кез келген көлік дәліздерінің, транзиттік және логистикалық үдерістердің орталығы – Қазақстан болады. Бұл үлкен экономикалық жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы жағдайда Қазақстан әлемдік нарықтарға шығудың сан алуан жолын ашуы керек, бұл өмірлік маңызды мәселелер, – дейді С.Әкімбеков.

Халықтың жолдардың болашағына деген үміті мен сенімі еселеуге «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының басшысы Асқар Маминнің сөзі де айтарлықтай әсер етті. «Ішкі континенталдық дәліздердің мүмкіндіктерін есепке ала отырып, біз 2020 жылға дейін Шығыс пен Батыс арасындағы бағыт бойынша транзит көлемін екі есе өсіру мақсатын белгіледік. Қытайдың орталық және батыс провинцияларының үдемелі дамуы және сыртқа сататын экспорты көлемінің ұлғаюы біздің осы мақсатқа жетуімізге ықпалын тигізеді», – деді ол. Мамин мырза БҰҰ-ның Сауда және даму конференциясының эксперттік бағаларын тілге тиек еткен болатын. Ұйымның мәліметіне сүйенсек, Еуразия құрлығындағы негізгі нарықтар арасындағы сауда айналымы алдағы 5 жылда 1,5 есеге артады. Яғни былтырғы 2014 жыл қорытындысында бұл көрсеткіш 800 миллиард долларды құраса, 2020 жылы 1,2 триллион долларға жетпек. Егер осы қаржының бес-он пайызы Қазақстанның қазынасына түссе, небәрі бір жылдың ішінде жолдардан тапқан несібеміз соңғы он жылда мұнай саудан түскен пайдадан асып түсетіні кәнік.

Күншығыстағы көршіміз Қытайдың Еуропалық одақ елдерімен сауда-саттығы артатыны көңілге медеу. Екі алпауыттың алыс-берісі 2020 жылға қарай қазіргі 800 миллиардқа, ал ҚХР мен Үндістан арасындағы тауар айналымының көлемі 66 миллиардтан 92 миллиард долларға дейін ұлғаяды деген болжам біздің ғана емес, өзге де транзиттік мемлекеттердің үкілі үміті.

## жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

қайтарып алады. Өйткені жекеменшік банкке сенім жоқ», – дейді Эльмира Рахымжанова.

Эльмира Рахымжанованың дәл бұлай алаңдауына негіз жоқ емес. Өйткені, бұған дейін құрылыс банкіне қатысты бірнеше рет заңсыздықтар анықталып, әшкереленді. Тіпті, аталған мәселеге анша-мұншаға селт ете қоймайтын депутаттардың өздері мән берген болатын.

Мысалы, мәжіліс депутаты Тұрсынбек Өмірзақовтың айтуынша «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» өзге коммерциялық банктерден еш айырмашылығы жоқ. Өйткені, аталған банк қарапайым халықтан пәтер құнының 50 пайызын талап етеді. Депутаттың ойынша пәтер құнының 50 пайызын жинап біткенше салымшылар қартайып, не болмаса өліп кетуі мүмкін. Сондықтан да ол өркениетті елдердегідей пәтердің 10 пайызын жинап баспанаға ие болу керек деген пікірде.

Сондай-ақ, «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне» қатысты тағы бір былыққа мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі араласқаны белгілі. Нақтырақ айтсақ, бір топ депутаттар премьер-министр мен Бас прокурордың атына сауал жолдап, құзырлы органның банктің Алматы облыстық филиалының

жетекшілігіне қатысты жемқорлықты тексеруді сұраған болатын.

Тексеру барысында банк қызметкерлерінің «Қолжетімді баспана» бағдарламасы бойынша Алматыдағы «Әйгерім» тұрғын үй кешенінен пәтер алғаны анықталды. Міне осыдан кейін президент банк басшыларының «Әйгерім» кешенінен алған пәтерлерін қайтаруды қатаң тапсырған болатын. Алайда аталған банк басшылары Мәулен Өтеғұлов пен Мамила Мұсабекова президенттің тапсырмасына пысықырып та қарамастан, соттасуға дейін барды.

Нәтижесінде «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Алматы облыстық филиалының жетекшісі Мамила Мұсабекова сотта жеңіп шықты. Осы ретте Мамила Мұсабекованың күні әлеуметтік пәтерге қарап қалды ма деген орынды сауал туындайды. Себебі, білдей бір басының осы уақытқа дейін үй-күйсіз жүргеніне ешкім де сенбейді.

Президенттен бастап, депутаттардың назарында болған атышулы мәселе банк қызметкерлерінің пайдасына шешілді. Ал үкіметтің қарауынан жекеменшікке сатылғаннан кейін «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» су жаңа басшылары белден басып, заңсыздықты заңдылыққа айналдырмайды дегенге салымшылар сенер емес.

nur.kz

## Меценаттар салығы азайтылады

**Балаларға мектеп немесе балабақша салуға ниет білдірген меценаттар мен демеушілер үшін төленетін салық көлемі енді 4%-ға дейін азайтылады. Ал жер қойнауын пайдаланушылар үшін 3%-дық мөлшерлеме сақталады.**

Сенат депутаттары «Қайырымдылық туралы» заң жобасын талқылады. Жаңа құжатқа «меценат», «демеуші» және «филантроп» ұғымдары енгізілді. Депутат Николай Кузьминнің айтуынша, бұл заң меценаттарды қайырымдылық жасауға ын-

тандырады. Айта кетсек, бүгінге дейін қазақстандықтардың тек 1%-ы ғана мұқтаж адамдарға материалдық көмек көрсетіпті. Ал әлемдік қайырымдылық рейтингінде Қазақстан 135 елдің ішінде 101-ші орынды иеленіп отыр. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Николай Кузьмин:

– Заң жобасын әзірлегенде біз шағын және орта бизнеспен айналысатындарға 6, ал ірі компания иелеріне 4%-дық жеңілдік сұрадық. Алайда қазір қалыптасып отырған экономикалық жағдайды ескере отырып, барлығына салық көлемін 4%-ға азайтуды жөн көрдік. Менің ойымша, енді елімізде қайырымдылық жасайтын кәсіпкерлер саны едәуір көбейеді.

